

**"Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы"  
аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 21 қарашадағы кезектен тыс X сессиясының  
№ 86 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 267 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 қаңтарда № 4845 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2015 жылғы 28 шілдедегі № 325 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 28.07.2015 № 325 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97-бабының 2-тармағына және "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына сәйкес Сырдария аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 21 қарашадағы кезектен тыс X сессиясының № 86 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылы 13 желтоқсанда № 4367 болып тіркелген, "Тіршілік тынысы" газетінде 2012 жылы 27 желтоқсанда № 106 санында жарияланды) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Осы шешімнің 6-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындау төмендегі пайдалану нормаларына сәйкес жүргізіледі:

1) электр қуатын пайдалану нормалары 1 айға:

1 адамға – 70 киловатт;

2 адамға – 140 киловатт;

3 және одан да көп адамға – 210 киловатт;

2) газ пайдалану нормалары 1 айға:

4 адамға дейін – 10 килограмм;

4 және одан да көп адамға – 20 килограмм;

- 3) отын пайдалану от жағу маусымына:  
3 адамға дейін айына - 0,5 тонна;  
3 және одан көп адамға айына - 1 тонна;
- 4) тұрғын үйді күтіп ұстау ай сайын:  
1 адамға – 18 шаршы метр;  
жалғыз тұратын адамдар үшін – 31 шаршы метр;
- 5) жылумен жабдықтау ай сайын:  
1 адамға – 18 шаршы метр;  
жалғыз тұратын адамдар үшін – 31 шаршы метр;
- 6) коммуналдық қызметтерді пайдалану төлемінің нормалары мен тарифтерін қызмет көрсететіндер ұсынады."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезекті  
XXXVII сессиясының төрағасы  
Аудандық мәслихаттың  
хатшысы*

*О. Сейтмұратов*

*Б. Маншарипов*